

Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын ерте жастағы балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункт құру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже КМҚК «Астана» бөбекжай» ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жұмысын реттейдi.

Мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына әдiстемелiк, педагогикалық, консультациялық көмек көрсету жөнiндегi консультациялық пунктгi құру және оның жұмыс тәртiбiн айқындайды (бұдан әрi – Пункт).

1.2. Пункт балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшiн құрылады.

1.3. Пункт мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын iске асыратын балабақшаның құрылымдық бiрлiгi болып табылады.

2. Мақсаты мен мiндеттерi

2.1. Мақсаты – мектепке дейiнгi бiлiмге қол жеткiзу, мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарының педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру.

Мiндеттерi:

- ата-аналарға консультациялық қолдау көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерiнде олардың педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру;
- белгiлi бiр себептермен балабақшаға бара алмайтын балаларды әлеуметтендiруге көмектесу;
- Пункт қызметi шеңберiнде балаға көрсетiлетiн бiлiктi көмектiң түрлерi туралы ата-аналарға қажеттi ақпарат беру арқылы балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналарына көмек көрсету.

3. Қызметгi ұйымдастыру

3.1. Пункт балабақша базасында меңгерушiнiң бұйрығы негiзiнде қажеттi санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт қауiпсiздiгi, кадрлық қамтамасыз ету ережелерiн сақтау, қажеттi бағдарламалық-әдiстемелiк материалдар болған кезде құрылады.

3.2. Жұмысқа жалпы басшылық балабақша меңгерушiсiне жүктеледi.

3.3. Пункт МДҰ меңгерушiсiнiң бұйрығымен бекiтiлген жұмыс кестесiне сәйкес жұмыс iстейдi.

3.4. Ата-аналарға педагогикалық көмек мамандардың (әдiскер, тәрбиешi, логопед, медбике, музыкалық жетекшi, дене тәрбиесi нұсқаушысы, педагог-

психолог және т.б.) қызметін біріктіру негізінде көрсетіледі. Ата-аналарға кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады. Мамандардың жұмыс режимін балабақшаның жұмыс режиміне сүйене отырып, МДҰ меңгерушісі дербес анықтайды.

3.5. Консультациялық қызметтерді алу үшін ата-аналардан төлем алынбайды.

3.6. Ата-аналарға көмек көрсетудің негізгі нысандары:

- ата-аналардың өтініші бойынша онлайн және офлайн консультациялар, олар барлық отбасы мүшелерінің тәрбиесіндегі балаға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге, педагогикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық ағартуға бағытталған;
- ата-аналардың қатысуымен баламен түзету-дамыту сабақтарын өткізу;
- баламен өзара әрекеттесу тәсілдерін үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бірлескен сабақтар өткізу;
- балабақша мамандарын тарта отырып, мастер-кластар, тренингтер, практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.7. Ата-аналарға баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсердің негізгі бағыттары, дағдарыстық жағдайларды жеңу туралы педагогикалық кеңес беру мақсатында теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.8. Әдістемелік, консультациялық көмек алу үшін ата-аналар балабақшаға жеке немесе телефон арқылы жүгінеді.

3.9. Көрсетілген тақырыпқа сүйене отырып, әкімшілік кеңес беру үшін қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды тартады.

3.10. Ата-аналардың осы қызметке қажеттілігінің болмауына байланысты пункт қызметі шеңберінде консультациялық көмек тоқтатылады.

4. Консультациялық пункттің қызметін бақылау

4.1. КП жұмысына тікелей бақылауды балабақша меңгерушісі жүзеге асырады.

4.2. Пункттің қызметі туралы есеп педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында тыңдалады.